







Сапар

Жарқын жобалар – ел игілігіне

Алашқа ана болған Сыр елінің қақ төрінен қоныс тепкен Жалағаш өлкесінің қатпарында қазына, қойнауында мәңгілік мұра сақталып, жыл басында жаңа белеске қадам басты.

Ауыл тұрғындарын жаңа нысанның ашылуымен құттықтаған аймақ басшысы денсаулық сақтау саласындағы келелі істерге тоқталды.

Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын баяндады. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы облыста атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Айта кетейік, былтыр жылына 10 мың адамға дейін қызмет көрсетуге мүмкіндігі бар жаңа «Қан орталығы», ана мен бала өмірін қорғау мақсатында көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық бөлім ашылды.



Тұрғындар мәселесі ескерусіз қалмайды

Мұнан кейін аймақ басшысы тұрғырлы өлке Жалағаш төрінде бой көтерген руханият орталығына аялдады. Мерекелік шара үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязовтың арнауымен ашылды.

Облыс әкімі мұнан кейін жұмыс сапары аясында аудан халқымен кездесіп, құқық қорғау органдары басшыларымен бірге тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Сол себепті азаматтарымыздың рухы әрқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, руханиятымызға баса мән берілуіміз қажет» – деген болатын. 2024 жыл өңірімізде «Руханият жылы» деп жарияланып, атаулы жылда мәдени-көпшілік шаралармен қатар, ауқымды жобалар жүзеге асты.

Тұрғындар баспанана мұқтаждық, денсаулық, білім салаларына қатысты, жұмысқа орналасу бойынша мәселелер көтерді. Аймақ басшысы қабылдауға келген кісілердің мәселесі бойынша жауапты тұлғаларға тиісті тапсырмалар берді.

Сонымен қатар, ауданның өсіп-өркендеуі жолында еңбек еткен ардагерлер мен орталықты салған құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жалпы, аймақта, оның ішінде Жалағаш ауданында былтыр қыруар жоба қолға алынады. Қуантарлығы, оның барлығы елдің талап-тілегінен туындаған мәселелерді шешуге негізделген. Былтырғы жыл ауданның үшін бекеті, ырысы мол жағымды жаңалықтарға толы болды.



Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Еңбек ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Балханов Бахытберген Мархабаевичтың 2025-2029 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Балханов Бахытберген Мархабаевич 1971 жылы 8 желтоқсанда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Еңбек ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келген.

ЛТД» ЖШС-да қойма меңгерушісі ретінде еңбек еткен. 2015-2016 жылдары «Proffі групп» ЖШС-да қойма меңгерушісі қызметін атқарған.

2026 жылға дейін ауылымыздағы сапасы сын көтерімейтін ішкі жолдарды жөндеуімін. 2025-2026 жылдары ауылдағы жарықтандыру мәселесін түбегейлі шешіп, 3 көшеге жарықтандыру жүргізілетін болады.

2027 жылға дейін ауылдың толығымен көгілдір газ отынға қосу үшін жұмыс істеймін. Ауыл тұрғындарына кешкі уақытта серуендейтін демалыс орындары мен ойын алаңдарын салуға, салауатты өмір салтын қалыптастырудағы дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысын аяқтауға ықпал жасаймын.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар арқылы тұрғындардың несие және грант алуына жәрдемдесемін.

Өндеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларды іске қосуға жұмыс жасаймын. Ауыл тұрғындарымен бірлесіп отырып, жылжымайтын кешендерін салуға әрекет етемін.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде өңірге жас әрі білікті мамандарды тарта отырып, олардың тұрақты жұмысқа орналасуына көмектесемін.

Жастарды жан-жақты қолдау бағытындағы жобаларға қолдау білдіремін. Жастарды кәсіпке баулу мақсатында грант, төмен пайыздағы несие алуға сүйемелдеу жасаймын.



Қаржысы облыстық бюджеттің қаражатынан төленді



Басты мақсат — әділдік пен ашықтыққа үмтылыс

Саяси жаңғырудың басты мақсаты – азаматтардың мемлекетті басқару ісіне тікелей қатысуын арттыру болса, бұл сайлау үдерісі арқылы жүзеге асатыны белгілі.

Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен еліміздің сайлау жүйесінде көптеген оң өзгерістер орын алды.

Міне, осылайша, Мемлекет басшысының ұстанымы мен күш салуының арқасында азаматтық қоғамды дамытуға қажетті демократиялық талаптар мен адам құқықтары жеке бостандықтарына қатысты кепілдіктер толығымен берілді.

2021 жылдан бастап ауылдық округ және кент әкімдері сайлауын абыроймен өткізді. 2022 жылы республикалық референдум мен көзектен тыс Президент сайлауы, 2023 жылы ҚР Парламентінің Мәжілісі мен жергілікті маслихаттар депутаттарының сайлауын және 2024 жылы еліміз үшін аса маңызды мәселе бойынша республикалық референдумды ұйымдастырып өткізді.

Дүниежүзілік сайлау күніне орай ауданымызда бірнеше ауқымды шаралар өткізілуде. Атап айтсақ, ашық өсік күні, халықпен деңгелек столдар, кездесулер, ашық сабақтар, сала ардагерлері мен үздіктерін марапаттау шаралары ұйымдастырылуда.

Қазіргі таңда ауданда барлығы 36 сайлау комиссиясы қалыптасты, оның 1-і аудандық, 12-сы округтік, 23-ы учаскелік сайлау комиссиялары. Аудандық сайлау комиссиясында 7 мүше, округтік, учаскелік сайлау комиссияларында 205, барлығы 212 комиссия мүшелері жұмыс жасауда.

Аудан бойынша былтыр бірқатар саяси нақсандар өтті. Мәселен, өткен жылы қыркүйекте аудандағы Қарағай ауылдық округі әкімінің сайлауы болды. Бұл сайлауға 3 кандидат ұсынылып тіркелді. Аталған сайлауға барлығы 761 сайлаушының 603 қатысып, 78,98 пайызды құрады.

Былтыр таңда ауданда барлығы 5 сайлау сайланды. Бүгінгі күні комиссия мүшелері өз міндеттерін сапалы орындауда.

Тарихқа көз жүгіртсек, сайлау жүйесі ежелгі Грекияда халық жиналыстарында дауыс беру арқылы елдің негізгі мәселелерін шешетін болған. Еуропада ХІІІ ғасырдың екінші жартысынан бастап дауыс беру қолға алынған.

Елімізде 1995 жылы сайлау туралы заң қабылданды. Жалпы орталық сайлау, аумақтық сайлау, округтік сайлау және учаскелік сайлау комиссиялары маңызды нақсандарды жоғары деңгейде өткізіп келеді.

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес аудан халқымен еркек ашық диалог жүргізіп, оның барысында айтылған ұсыныстарды сайлау процесін жетілдіру мақсатында жете ескеретін боламыз.

Шарабан ҚАЛЫБАЕВ, Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының төрағасы

Ел ертеңі – жастар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кеңейтілген Үкімет отырысында жастарға жан-жақты қолдау көрсетілетінін айтты.

Бүгінде жастарды қолдау үшін елде түрлі тұрғын үй бағдарламалары және арнаулы жобалар жүзеге асырылуда.

– Мен бүгін Үкімет жұмысының басты бағыттарын айқындап бердім. Бұл – ірі инфрақұрылым жобалары, цифрландыру және жасанды интеллект, ядролық энергетиканы дамыту, агроөнеркәсіп кешенін нығайту және инвестиция тарту мәселелері.

Жандос ЖӘКЕН

«Жалағаш жаршысы» газеті бас редакторының орынбасары

Menşik nesі: Сыр Медиа жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ. Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы. Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-56. Бас редактор - 32-0-41. Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат қорында 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. «Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімділік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарлауға болады. Таралымы 2850 Тапсырыс №171